

Мэрлердің уағдаластығы — Еуропалық Одақ жасаған маңызды бастама. Ол жергілікті және аймақтық билік органдарын жасыл экономикалық өсу және өмір сапасын одан әрі жақсарту жалпы ерікті мақсатында біріктіреді.

Уағдаластыққа қол қоюшылар 2020 жылға қарай көмірқышқыл газының шығарындыларының кемінде 20% төмендеуіне әкелетін қуаттыны үнемдеу және қайта жаңартылатын қуатқа қатысты әрекеттерді жүзеге асыруға келіседі.

2008 жылда жасалғаннан бері мэрлердің уағдаластығы Еуропада және оның аумағынан тыс жергілікті билік органдарын залалсыз қуат саясаттарын дамыту және жүзеге асыруға ынталандыратын және оны қолдайтын жетекші бастамаға айналды. Бұлай істеу арқылы уағдаластығық қалалардағы жасыл экономикалық өсуге және өмір сапасының артуына үлес қосады. Қалай? Қуаттың қол жетімділігін жақсарту, жұмыс орындарын жасау, әлеуметтік және экономикалық әл-ауқатты жақсарту және климат өзгеруі мәселесін шешу арқылы. Мэрлердің уағдаластығының Львов (Украина) және Тбилиси (Грузия) қалаларында орналасқан шығыс кеңсесі Киевте (Украина), Ереванда (Армения), Тбилисиде (Грузия) және Алматыда (Қазақстан) жұмыс жасайтын өзекті сарапшылар он бір елге әкімшілік, техникалық және жарнамалық көмек көрсетеді: Армения, Әзербайжан, Беларусь, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Тәжікстан, Түркменстан, Украина және Өзбекстан.

Негізгі ойыншылар ретіндегі жергілікті билік органдары

Жергілікті әкімшілік — азаматтарды қатыстыру, әрі мемлекеттік және жеке мүдделерді біріктірудің ең жақын үкімет деңгейі. Жергілікті билік органдарының шешімдері қаладағы өмір сапасына (мысалы, қол жетімді қуат қызметтері, таза ауа) және экономикалық динамикаға айтарлықтай және оң әсер етуі мүмкін. Қалалар мен басқа қалалық аймақтар климаттың өзгеруін азайтуда өте маңызды рөл ойнайды, өйткені олар ағымдағы ғаламдық көмірқышқыл газ шығындалырының 70%-дан астамына жауапты.

Міндеттеме алу

Мэрлердің уағдаластығы — «жай тағы бір науқан» емес, бұл жергілікті билік органдарының қуат және климаттың өзгеруін азайту саласындағы сенімді және өлшеуге болатын мақсаттарына негізделген маңызды міндеттемесі. Қалалардың міндеттер мен мақсаттарға қатысты ілгерілеуін Бірлескен Зерттеу Орталығы — Еуропалық Комиссияның жергілікті ғылыми қызметі қатаң бақылайды. Бұл мэрлердің уағдаластығын ұлттық басымдылықтармен сәйкес жергілікті деңгейде әрекеттерді ынталандыратын бірегей бастама етеді.

Ерікті міндеттеме алу бөлігі ретінде қалалар жергілікті залалсыз қуат саясатын жүзеге асыру үшін қажет саяси және әкімшілік дағдыларды дамытады және Брюссельдегі мэрлердің уағдаластығы кеңсесіне тұрақты энергетикалық даму жөніндегі іс жоспарын (ТЭДІЖ) жібереді. Бұл негізгі тұрақты энергетика әрекеттеріне толық шолу Уағдаластыққа қол қоюдан кейін бір жыл ішінде жіберіледі. ТЭДІЖ бағдарламалары жергілікті деңгейде қуатқа және климатқа қатысты мақсаттарға жетуде жол карталары ретінде қызмет етеді. 2014 жылдың ақпандағы мәліметтер бойынша 3300 ТЭДІЖ ұсынылды, олардың 1800 астамы қабылданды.

Өсу

Бастама 50-ге жуық елдегі жергілікті билік органдарын қамтиды, және оның 5400-ден астам қол қоюшылары бар — олардың 80-нен астамы Шығыс Еуропадағы, Оңтүстік Кавказдағы және

Орталық Азиядағы мэрлері. Бұған қоса, Шығыс Серіктестігі және Орталық Азия елдерінде өмір сүретін 10 миллионнан астам азамат мэрлердің уағдаластығына қатысады.

Қолдау

Мэрлердің уағдаластығы — жетекші жергілікті және аймақтық билік органдарының өсуші халықаралық бірлестігі. Ол саяси (Еуропалық Комиссия, ұлттық үкіметтер, ұлттық палаталар т.б.) және қаржылық мекемелердің (Еуропалық инвестициялық банк, Еуропалық Реконструкция және даму банкі, Азиялық даму банкі, жеке банктер, т.б.) күшті қолдауының артықшылықтарын пайдаланады.

Уағдаластыққа қол қоюшылар уағдаластықтың мэрлердің уағдаластығы кеңсесі, ұлттық және аумақтық координаторлары, Уағдаластықты жақтаушылар және басқа мүдделі жақтармен қамтамасыз ететін кең қолдау және желі мүмкіндіктерінің артықшылығын пайдаланады. Бұған қоса, түрлі елдердегі жақсы тәжірибелер жергілікті билік органдарына өз үкіметтерін және серіктестерін мэрлердің уағдаластығына қосылуға сендіруге көмектесе алады.

Шығыс Еуропа, Оңтүстік Кавказ, Орта Азия Қол қоюшыларына әрекеттер Жоспарларын жасауда көмектесу үшін бірқатар әдістемелер мен құралдар жасалды. Бұған қоса, Еуропалық Комиссияның Біріккен зерттеу орталығы қол қоюшыларда болуы мүмкін техникалық сұрақтарға жауап беру үшін ағылшын және орыс тіліндегі мәліметтерді қамтамасыз етеді. Бұлай істей отырып ол мэрлердің уағдаластығы кеңселері беретін көмекті толықтырады.

Әсер

Уағдаластықтың табысы қол қоюшылар орындаған нақты қадамдарға және қолданған шараларға байланысты. Өздерінің ТЭДІЖ бағдарламаларында белгіленген әрекеттерді жүзеге асыру арқылы жергілікті бірлестіктер қуат қызметтеріне жақсырақ қол жеткізу, төменірек қуат шоттары, қуаттыны үнемдейтін шараларға инвестициялар, жұмыс орындарын жасау және қалалық қуат бюджеттерін үнемдеу артықшылығын пайдаланады.

Уағдаластығық акторларының ортақ мақсаты бар: азаматтарына тұрақты қоршаған ортаны, әлеуметтік және экономикалық ортаны қамтамасыз ету және жаңартылмайтын ресурстар мен климаттың өзгеруіне қатысты ғаламдық мәселелерді шешуде үлес қосу.

ҚОСЫМША АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН

Веб

www.eumayors.eu

http://en.wikipedia.org/wiki/Covenant_of_Mayors

Барлық жарияланымдар орыс және мүмкін басқа тілдерде қол жетімді болады.

Жарияланымдар > www.soglasheniemerov.eu/media/communication-materials_ru.html

Фотосуреттер > www.soglasheniemerov.eu/media/pictures_ru.html

Байланыс

info-east@eumayors.eu



The Covenant of Mayors East project is funded by the EU.

Мэрлердің уағдаластық Кеңсесі — Шығыс (МУК – Шығыс) [Energy Cities](#) Ассоциациясы басқаратын және [Climate Alliance](#), [Украинаның](#) қуаттиімді қалалары” және Орта Азиялық Аймақтық экологиялық Орталығынан тұратын консорциумымен басқарылады.

Бұл жарияланымның мазмұнына жалғыз жауапты ұйым — СОМО ШЫҒЫС. Ол міндетті түрде Еуропалық Бірлестіктің пікірін білдірмейді. Еуропалық Комиссия мұнда қамтылған ақпаратты кез келген пайдалану үшін жауапты емес.

